

Астрахан аудандық мәслихатының 2011 жылғы 15 қарашадағы № 4С-39-4 "

Астрахан ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 2012 жылғы 8 қазандағы № 5С-9-3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 2 қарашада № 3480 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 2013 жылғы 17 мамырдағы № 5С-16-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 17.05.2013 № 5С-16-4 (қол қойған күнінен бастап күшіне енеді) шешімімен.

РҚАО ескертпесі:

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына сәйкес, Астрахан аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. "Астрахан ауданындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" 2012 жылғы 15 қарашадағы № 4С-39-4 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1-6-159 тіркелген, 2011 жылғы 22 желтоқсандағы аудандық "Маяк" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармағының 1) тармақшасында:

7 азатжол жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"Карттар Күніне орай: зейнеткерлерге, ең төмен мөлшерде зейнетакы алатын, сондай-ақ ең төменгі зейнетакыдан да төмен зейнетакы алатын зейнеткерлерге екі мың теңге мөлшерінде;" ;

9 азатжол жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға үш мың теңге мөлшерінде;" .

2. Осы шешім Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Астрахан аудандық мәслихатының сессия төраймы

Астрахан аудандық мәслихатының хатшысы

В.Быстрицкая

В.Собеский

"КЕЛІСІЛДІ"

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК